

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Тарих факультеті
Археология, этнология және музеология кафедрасы

Бекітілді

Тарих факультетінің Ғылыми кеңесінде
Хаттама № 2 «29 қыркүйек» 2025 ж.
Факультет деканы **Д.С. Байгунаков**



**«Тарихи демография» пәні бойынша қорытынды емтихан
бағдарламасы және әдістемелік ұсыныстары**

«6В02211-Этнология және антропология» білім беру бағдарламасы

3 курс, көктемгі семестр
6 семестр

Алматы 2025 жыл

Пәннің қорытынды емтихан бағдарламасын құрған: т.ғ.к. Картаева Т.Е.

Пәннің қорытынды емтихан бағдарламасы: «6В02211 – Этнология және антропология» білім беру бағдарламасы негізінде әзірленген.

Археология, этнология және музеология кафедрасы мәжілісінде қаралды және ұсынылды

«02» 09. 2025 ж., хаттама № 1

Кафедра меңгерушісі  Жуматаев Р.С.

Оқыту және білім беру сапасы бойынша

академиялық комитеттің төрайымы

«05» 09 2025 ж., хаттама № 1



Бижанова М.Т.

Кіріспе

Студенттер «Тарихи демография» пәні бойынша емтиханды жазбаша-офлайн форматта тапсырады.

Бағдарлама «Универ» жүйесіне жүктелді.

I. Қорытынды емтихан бағдарламасын өткізу тәртібі:

1. Емтихан жазбаша түрінде өткізіледі.

2. Емтиханның өтуін қадағалу бақылау камералар, оқытушылардың кезекшілігі арқылы жүзеге асады.

3. Емтихан сұрақтары «Универ» жүйесіне үш блокқа бөлу арқылы енгізіледі.

II. Қорытынды емтихан бағдарламасының регламенті:

1. Емтихан кесте бойынша өткізіледі.

2. Емтихан тапсыру ережесіне сай, студент емтиханға 30 минут қалғанда аудиторияда болуы керек.

3. Емтихан қабылдау ұзақтығы 2 сағат.

III. Қорытынды емтихан бағдарламасының ережелері:

1. Емтихан барысында студент ұялы телефон, оқулықтар, дәптер, құлаққап және т.б. бөгде заттарды ұстауға, өзімен бірге алып кіруге тыйым салынады. Сонымен қатар басқа студенттермен сөйлесуге, артық қимыл жасауға, артына қарауға болмайды. Емтихан барысын бейне бақылау арқылы мониторинг тобы бақылап отырады. Аталған ережелерді бұзу фактісі анықталса, студент емтиханнан шығарылады.

IV. Қорытынды емтихан бағдарламасының нәтижелері:

1. Студенттердің жазбаша жұмыстарын пән оқытушысы тексеріп, баллдарды «Универ» жүйесіне енгізеді.

2. Оқытушы барлық студенттердің баллдарын мұқият тексеріп, емтихан тізімдемесін «Универ» жүйесінде сақтайды.

3. «Универ» жүйесіндегі қорытынды тізімдемеге студенттердің баллдары 48 сағаттың ішінде қойылуы тиіс.

4. Емтихан нәтижелері бақылау камералардың нәтижелері негізінде қайта қаралуы мүмкін.

5. Егер студент емтихан тапсыру ережесін бұзса, студенттің емтихан нәтижелері жойылады.

Қорытынды емтихан 15 аптада алған білімнің нәтежиесі ретінде жазбаша түрде жүргізіледі. Төмендегі тақырыптар бойынша тапсырмалар беріледі:

1. Демография ғылымы. Зерттеу саласы.

2. Дүние жүзі халықтарының өсу динамикасы.

3. Дүние жүзілік миграциялық қозғалыс.

4. Дүние жүзі халықтарының орналасу тығыздығы.

5. Дүние жүзілік отбасылық құрылым.

6. Некелесу және ажырасу көрсеткіштері.

7. Дүние жүзіндегі халықтардың жастық және жыныстық структурасы.

8. Демографиялық жарылыс.

9. Демографиялық бағдарламалар.

10. Қазақстан халықтарының өсу динамикасы.

11. Қазақстан халықтарының әлеуметтік – демографиялық тенденциясы.

12. Қазақстанда тұратын этникалық топтардың демографиясы.

13. Дүние жүзі бойынша қазіргі демографиялық ахуал.

14. XIX ғасырдың соңы-XX бас кезіндегі Қазақстанда жүргізілген санақтар.

15. Қазақстан халықтарының қазіргі демографиялық жағдайы.

Емтихан тапсыру кезінде студенттер қабілетті болуы тиіс:

- Тарихи демография пәнінің зерттеу саласына жан-жақты түсінік беру;
- Тарихи демография ғылымының қалыптасу тарихын зерделеу;
- Тарихи демография ғылымындағы зерттеулерді саралау;
- Тарихи демография ғылымының тарихнамасын саралау; әлемдік демографиядағы зерттеулерді басты назарға алу;
- әлем халықтарының өсу динамикасын талдау.

Әдебиеттер тізімі

1. Современная демографическая ситуация в Казахстане.- Алматы, 2004
2. Садықов Т.С., Такижбаева Н.Э. Введение в историческую демографию. - Алматы, 1980.
3. Шелестов Д.К. Историческая демография. - М., 1987.
4. Брук С.И. Население мира. Этнодемографический справочник. 2-е изд. - М.,1986.
5. Медков В.М. Демография. – Ростов-на-Дону. 2003
6. Адам дамуы туралы есеп. Қазақстан – 2005. – Алматы, 2005.
7. Современная демографическая ситуация в Казахстане. – Алматы. 2004.
8. Анри, Л.. Методика анализа в исторической демографии.- М., 1997.
9. Картаева Т. Тарихи демография. Оқу құралы. – Алматы: Арыс, 2007. – 130 б.
10. Картаева Т. Тарихи демография. Электронды оқу құралы. – Алматы, 2010. – 130 б.

**«БВ02211-Этнология және антропология» білім беру бағдарламасы бойынша
«Тарихи демография» пәнінен емтихан қабылдау нұсқаулығы**

Критерий/балл	ДЕСКРИПТОРЛАР				
	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
	90–100% (27-30 балл)	70–89% (21-26 балл)	50–69% (15-20 балл)	25–49% (8-14 балл)	0–24% (0-7 балл)
Курстың теориясы мен тұжырымдама масын білу және түсіну	"Өте жақсы" деген баға Тарихи демография салаларының ерекшелігін саралап, аудиторияда өткен сабақты толық меңгеріп, терең ғылыми тұжырым жасап, үш сұрақтың толық жауап жазу.	"Жақсы" деген баға барлық жауап толық, бірақ кейбір мәселелер қамтылмаған, Қолданбалы этнологиядағы өзекті мәселелер ерекшелігі көрсетілмеген, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінде қате жіберілген. Жауапта стилистикалық қателіктердің болуы, терминдердің дұрыс қолданылмауы мүмкін.	"Қанағаттанарлық" деген баға билетте ұсынылған сұрақтардың толық емес жариялануын ерекшеліктерді, үстіртін дәлелдейді, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінің бұзылуына жол береді, сұрақтардың мазмұнын ашпайды.	Қойылған сұрақтарға дұрыс жауап жазбай, қате дәлелдеу, дұрыс емес қорытынды жасау.	Негізгі ұғымдарды, теорияларды білмеу. Қорытынды бақылау
Таңдалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдану	Тарихи демографияға қатысты сұрақтарды толық орындау, қойылған сұрақтардың мазмұнын ашу, курстың практикалық мәселелерін шешу.	Оқу тапсырмасын ішінара орындау, курстың практикалық міндеттерін толық аша алмау, ғылыми тұжырымдарды дұрыс жеткізе алмау.	Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер беріледі. Практикалық ұсынымдар маңыздылау емес, мұқият талдауға негізделмеген және таяз. Дәлелдер үстіртін қолданылады.	Тапсырманы шешудің ұтымсыз әдісі қолданылған, сұрақтар жалпылама жазылған, зерттеулерді аз немесе мүлдем қолданбаған, нормадан асатын қателіктер мен кемшіліктер бар.	Сұрақпен жауаптың мазмұны сәйкес келмейді. Практикалық ұсынымдар мүлдем жоқ немесе өте төмен сапада. Қорытынды бақылау жүргізу қағидалары

Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, алынған нәтиженің негіздемесі	Оқу тапсырмасын толық орындап, қойылған сұраққа жан-жақты, дәлелді жауап беру, курстың практикалық мәселелерін шешу. Тарихи демография бағытындағы терминдерді қолдану, ғылыми тұжырымдар жасау.	Тұжырымдамалық материалды пайдалануда 3-4 дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдардағы кішігірім қателіктерге жол беріледі, бұл тапсырманың жалпы деңгейіне әсеретпейді.	Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер, сондай-ақ практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлсіздіктердің болуы.	Тапсырма өрескел қателіктер мен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымда малық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылған.	Тапсырма орындалмады, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, талдау материалдары мен құралдары пайдаланылмады. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.
--	--	--	---	--	---

Емтихан билеттері 3 сұрақтан тұрады. Дұрыс орындалған тапсырмалар үшін ең көбі-100 балл, оның ішінде бірінші сұраққа – 33 балл, екінші сұраққа-33 балл, үшінші сұраққа - 34 балл